

11.2006
6029к

КАУЫЛ
КИТАПХАНАСЫ

Фафу
Қайырбеков

АТАМЕКЕН



11 2006/6029

14-тапкыр № 444

Фафу Қайырбеков


БОЛГАМЫС

Килемдегі көзіңіндең қарында

Килемдегі көзіңіндең қарында мүшкіндең
жынысынан шынайым жағдайы, аның жағдайынде
алдың сыйылыштың орталығынан болғанда да баста-
тура күнделік соғылғанда жарты расында жоюға ажыратыл-
ғанын берілсе де ет тәрізділес тәсім төлемін. Бір-
жыныс жағдайынан көзіңіндең қарында мүшкіндең

АТАМЕКЕН

Алматы
“Кайнар”
2005



*Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат жөне спорт министрлігі
Ақпарат жөне мұрагат комитетінің багдарламасы
бойынша шыгарылып отыр*

Қайырбеков F.

К23 Атамекен: Очерктер /Күрастырғандар: Бәдеш
Хамзина, Әлима Faфуқызы Қайырбекова. – Ал-
маты: «Қайнар» баспасы, 2005. – 320 бет.

ISBN 9965-9349-5-9

Қазақстанның халық жазушысы Faфу Қайырбековтің бұл
жинағына оның бұрын жарияланбаған көркем очерктері топ-
тастырылған. Кітаптың негізгі тақырыбы – тәуелсіз мемлеке-
тімізді мекендереген ауыл тұрғындарының кешегі және бүгіндегі
әмір тынысы, өсіреле қайта құру кезеңінде казақ ауылдарын-
да болған өзгерістер. Елдегі қарапайым егінші дикандардың
қажыр-қайратқа толы еңбегін, олардың биік адамгершілік
қасиеттерін автор ақындық көзben шабытты жырлаган.

К 4702250201
403(05)-05

ББК 84 Қаз7-44

ISBN 9965-9349-5-9

© Қайырбеков F., 2005
© «Қайнар» баспасы, 2005

ТОЛҒАНЫС

Ақындар осы күндерде, өсіреле егделенген шағында Есениннің «Менің өмірбаяным – менің жырларымда» дегенді жиі қолданады. Оларының қандайлық өлшемде айтылатынын мен білмеймін. Ал өзім, өлең жаза бастаған күннен есептегендеге, жарты ғасырға жуық ақындық өмірімнің бәрінде де өз тарихымды жазып келемін. Бір қарағанда, жоспарлы түрде жазған секілдімін. Оған үлкен себеп – менің поколениемнің, құрдастарымның балалық шағы соғыс өртінде өртеніп кеткен, жастайынан белі түтіл, бақайы майысып бейнет кешкен, мұлде ерте есейіп кеткен буынның, үрпақтың тарихы еді ол, айрықша тарих болатын. Соғысты айтасын, дәл осы үрпақ, қазіргі алпыс жасқа келгендер, 32–33-жылдардың аштығын да, 1937 жылдың сүмдигын да шет жағалап болса да көргендер, көзінде елесі барлар еді. Ал осындай ел басына тәнген үш бірдей алапат кезенді төрт жасынан бастап, жыйырма жасына дейін кешкен үрпақты еш тарихтан көру мүмкін емес. Сондықтан олардың баяны – елдің өмірбаяны. Сондықтан олардың ақын болып туғандары бұл тарихты жырламауы, қағазға түсірмеуде мүмкін емес. Сондықтан да сөз басындағы өз өмірбаянымды жоспарлы, жүйелі де үздіксіз жазу себебімді осылай түсіндіремін. Сол алғашқы сабак, ақындық алғашқы міндет – өз тарихың арқылы ел тарихын баяндау мақсаты қалған жылдардың өне бойына, творчествоның өне бойына созылып келеді.

Біздің жайнаған жастық, студенттік шағымыз соғыс жаракатын жазуға, қираган, бүлінген дүниені қайта дұрыстауға кіріскең ел әрекетімен түспа-түс келді. Сонда біздер, жас ақындар, қайта қаланған қала, шөл да-лаға егілген орман, қазылған канал жайында жаздық. Онда махаббатты жазуға қол тимейді, жаза ғой, баса қояйық – деген де ешкім болған жоқ. Байқап отырсаныз – ел тарихы, ел тіршілігі туралыған тарих емес, сол кезендегі әдебиеттің де тарихы, мінез

кескіні болып шығады. Оны таратат берсең – ұзакқа кетесің.

Менің алғаш өлеңге қадам басқанда-ақ белгіленіп үлгірген азаматтық тақырып – яғни ел тақырыбы, ірі тақырып осылай басталған болатын. Қалай басталады – дегенде айтарым – менің тұңғыш көрген батырым, тұңғыш таңырқаған Ерім – Ана, әйел болатын. Соғыстың алғашқы айынан бастап азаматтарынан айрылған аналар, жар-қосақтар – олар текке анырап жылай бермей, тағдырына тік қарап, белін бекем буып, ерлердің барлық тұрмыста орнын басты. Шешелеріміздің егін егіп, шөп шауып, отын тасып, бала асырап, ошақтың отын сөндірмеу былай тұрсын, ет, май, жұн, киім жинап, майданға дамылсыз жөнелтіп, жан ұшыра бейнет кешкен тұлғасына таңырқамауға, сүйсінбеуге мүмкін емес ед. Менің он үш жасымда, яғни 1941 жылы аудандық «Социалистік ауыл» газетінде «Ананың қуаты» деген тұңғыш олеңім жарияланды. Әлгі әлеуметтік азаматтық тақырып дегениңіз дәл осыдан басталады.

Әрине, мен онда болашақтағы творчествомың ең басты өзегі – осы екен-ау – деп ойлағаным жоқ. Ойламақ түгіл, онда ақындықтың не екенін, оның қоғамдағы борышының қандай болатынын да болжай алмайтын кезім болатын. Біреу іспен, біреу жылы созбен дегендей, әйтеуір ел конілін котеруге ат салысу – жаппай мақсат болғандықтан – ол бір менің де жас кеудемнен еріксіз жұлқынып шыққан дауыс еді.

Шын ақындық тағдырдың ел тағдырымен егіз және ол шақта ол олкеде жазба әдебиетінің өкілі болмайтын. Жалғыз-ақ Нұрхан Ахметбеков сол жылдарда өзінің қазіргі атакты дастандары – «Есім сері», «Қарғаны» жаза бастап, ерлікті дәріптейтін елге нәр берген еді, соларды жаттап айтушы едік. Әне, содан бастап мен өз олеңдерімді ылғи да әйелдің рухани ерлігіне бағыштап дастандар жазушы едім де, той-томалактарда жаттап үлгіріп, елге домбырамен қосып айтып беретінмін. Әлде не бір құлқілі жайларды теріп жинап жазып, жүртты мәз қылу жағын қарайтынмын. Мысалы: «Тұн асқан» хикаясы деген цикл, «Әлтайдың әңгімесі», «Патша тауық» деген шағын поэмаларым болушы еді. Бірде жарын сағынған, сабырмен жолға қараған жар жайында «Қанды дәптер» деген поэма жаздым. Ел егіліп тыңдаушы еді. Бұлардың біреуі де баспа бетін көрген жоқ.

Осыларды енді еске түсіріп отырғанымның себебі – сол ақындық шыға берістегі тартылған негізгі озек, творчествомың бастау козі – Ел тақырыбы, елдің рухани өмірі, тарихи кезеңдері жайындағы кейінгі ұзак творчество жолының негізгі бағыты қайдан пайда болды дегенге жауап беру.

Бұл менің ақындық қырымның ең бастысы – эпикалық, сюжеттік, нақты оқиғалық дейтін поэзия жанры туралы да баяндау болып шықса керек. Қырқыншы жылдардың соңында жарық көрген, яғни осыдан қырық жыл бұрынғы «Қызбел суреттері» дейтін географиялық толғау мен «Қария» дейтін баллада да сол алғашқы шағын дастан, хикая жырлардың заңды жалғасы еді. Оқушыға мәлім менің ірі дастан-поэмаларым – «Дала қоңырауы», «Жер астындағы жұлдыздар», «Орман сырьы», «Таулар сойлейді», «Жұлдызының тағдырлар», ең соңғы «Шұбалаң» – осылардың бәрінің басы сонаусонау «Ана қуатында» жатыр.

Жоғарыда айтқан, жарық көрмей жоғалып кеткен алғашқы қызық хикаялар қаншама.

Бұдан шығатын қорытынды – осылардың бәрінде халықтың өзі жасаған кереметтер, не бір ерекше адамдар, кейіпкерлер кескіні, тарихи орын уақыт бар ғой деп ойлаймын. Олай болса менің алдыма қойған ақындық мақсатым – өз көзім көріп, куә болған ел тарихының ең бір бай бөлшегін, тарауын өлең өлкесі арқылы жырлап шығу, бір ақынның өмір өлшеміне, талант мөлшеріне қарай қызмет атқарып беру болса – онда соны орындағаным болып шығады. Менің қазір жарық корген торт томдық (екеуі бұрын, екеуі кейін) шығармалар жинағымды жүзден цикл, шоғыр өлеңдер де жанр жағынан әрқайсысы бас қосып, бір-бір дастанды елестетсе керек. Өйткені формасы болмаса – олардың көтеретін жүгі дастандай.

Сайып келгенде, қырық жылдық творчестволық өмір ішінде ақын Faфу не бітірді? деген сұраптың жауабы – өзім айтсам да, өзге айтса да ұзак орынды кепек етеді. Асылы, өзгелер айтқаны жақсы. Осыншама жыл ішінде мен бал жинаған арадай ел ішінде, халық арасында көп болдым, көп сапар кештім. Оның үстіне озімнің алдындағы халық ағаларымен, әдебиет ақсақалдарымен көп жолдас, көп серіктес болдым. Олардың бәрінің берген нәрі, сусыны – бәрі-бәрісі сол шыққан кітаптарымның ішінде.

КҮМІС МЫЛТЫҚ ҰҢҒЫСЫ

(Болжал-хикаялы хат)

Жақында мен Арқалық қаласынан бір хат алдым. Хат иесі – Бапақов Мырзалыұлы Талғатбек былтырығы қаңтарда мен Арқалыққа барған бір сәтке жолығып, өзінің көкейде жүрген сырын қысқаша айтып, кейін хатпен толық баяндап жазуға уәде қылған.

«Бұл оқиғаның түсінда, – деп бастайды ол хатын, – жас маман геодротехник-инженер едім. Торғай аудан-аралық жер суландыру жүйесі басқармасының құрылыс тобында Торғай – станция арасында көтерме жол салуды жоспарлап, сол істі басқаруды маған тапсырған болатын. Оның проект, сметасын жасап, тез арада іске кіріспін кеттік. Қарауымызда Т-100 деген алып трактордың бірнешеуі, үш бульдозор, төніректі дүрілге толтырып, аспанға шаң көтеріп жатқанбыз. Сондай күннің бірінде, шамасы, Торғай қаласынан үш шақырым, төрт шақырымдағы кішкене сай бойымен трасса өтетін түстан тракторшылардың біреуі (Николай Гаврилицкий) жерден бір затты тауып алып, мантировка (соқпа темір) үшін пайдаланып жүр екен. Көзім түсіп кетіп еді, әлгісі жәй темір секілді, баяғы білтелі қазақ мылтығының ұңғысы (стволы), екі басын күмістен қазақы өрнекпен ойып түсірген, ортасында араб әрпімен жазылған жазуды байқадым. Тракторшы пайдаланған ұңғының орта түсі ептең майысқан екен және жазудың да кей әріптері сыннып түсіп қалыпты. Тракторшы мұның бағалы зат екенінде шаруасы болмаған. Ең өкінішті жері сол болды, оны кейін білдім.

Әлгі мұлікті оның қолынан алып, жұмыс сонында үйге келсем, албарда бір топ ақсақал әңгіме-дүкен құрып отыр екен. Ортасында өз әкем – Бапақов Мырзалы, Есетов Әбілғазы, Досмағамбетов Ерден, Нұрғазин Қызжан – бәрі де бір-бір кездегі ел, шаруа басқарған ардагерлер. Сәлем сонында мен әлгі күміс мылтық ұңғысын оларға корсетіп, арабша жазуларын оқып беруді өтіндім. Шалдар қалталарынан көзәйнектерін алып, бірінен соң бірі кезектесіп, ежелесіп отырып, мұнда: «Ахмет... оғлы» деген сөз жазылғанын айтты, әлгі түсіп қалған әріптер оның, мылтық иесінің есімі болып шықты. Міне, менің де, ақсақалдардың да өкініші осы жерде корінді. Шалдардың ең ұлкені Ерден – «шырағым, мұны сақтап қой, күндердің күнінде

керек болып қалар, бір зергердің, шебер ұстасын, халықтың аса бір аяулы адамына тартқан тартуы ма – кім білсін? Анау-мынау адамға күміс мылтық жараса бермесе керек, – деп келді де: – өзің сақтай алмасаң, музейге бер, болашақ үрпак көрсін, қазақтың да керемет ұсталары болғанын, осындай мұлік жасап, пайдаланғанын білсін», – деп, сезін түйді. Ол сөзді бәрі де қоштады. Конілдерінде әлде сыр, әлде сұрақ секілді бірдеме қалып отырғанын, түнжырап ойға батқан қалыптарынан таныдым да қойдым. Әкемнен біраз уақыт өткен соң барып, «кімдікі болуға тиіс?» – деп сұрағанымда ол: – мұндай мылтық ұстайтындей Торғайда үш Ахмет болды. Жалпы не көп – елде Ахмет есімді адам көп. Мен сол заманың зор Ахметтерін айтып отырмын. Олар – Байтұрсының Ахметі, сен қайдан білейін деп едің, өз тұсында исі қазақ Ахмет атын атамай, асқан құрметпен «Ахан» деп кеткен, халықтың кеменгер көсемі, даусыз данасы болған кісі. Осы мына өзіміздің «Аққөл» топырағының перзенті, – деді әкем, сәл ойланып қап, – ол кісіні атауға әлі тиым салынып келеді, себебін кейін түсіндіремін, әлдекімге айтып қалып жүрме, – деп сактандырыды. Енді ойласам, ол кез бүгінгідегідей Аханың ақталып, аты жарқырамаған кезі еді.

Екінші Ахан, – деді ол, сезін жалғастырып, – Балғынбайдың Ахметі – Торғай облысының ол кездегі оқу, училищелер инспекторы болған адам. Жалпы Балғынбай балалары, басы Фабдығали Балғынбаев Ыбырай Алтынсариннен соң қазақ білім ісін басқарған.

Үшіншісі – ұста, шебер Ахмет (әкесінің атын айттып еді, мен умытып қалыппын). Алайда сол Ахметтердің соңғы екеуі, бірі қаншама ағартушы болғанымен, бірі қанша шебер болғанымен, – мұндай мылтық тұтынуға өздерін ылайықты санады деуге қисын жоқ. Бәлкім, ұста Ахмет өзінің данышпан атасына арнап соғып, сыйға тартса, жонге келеді. Меніңше, сол, не де болса – Аханың, Ахмет Байтұрсыновтың мылтығы болар, – деді әкем. – Аханнан қазақ баласы ештеңесін аямаған гой. – Е, балам-ай! Сен түгіл біздің өзіміз ол кезде жана жер басқан, бала кезіміз емес пе? Торғай не замандар топаланын бастан кешпеді дейсің. Көрмегені жоқ қой. Сонау аласалыран, алақұйын дәуірде Ақтөбе, Орынбор Торғай арасын жол қылып, туған елін қызығыштай қорып жүрген Ахан қандай сұыт сапар, қысталан жол шекпеді, оның бірінде кім білсін,

коржынынан түсіп те қалуы мүмкін ғой. Немесе әлде бір сенімді кісісіне сақтауға берді ме, ол байғұстың басына зобалаң күн туып «Байтал түгіл, бас қайғы» болды ма? Әлде сонау отызыншы жылдарда Аханың мылтығын сақтамақ түгіл, не атын атап, не кітабын қолына ұстаудың өзі қауып болып түрған уақытта, Торғайдан ұзап шығып, бір түнде басқа жерге көшіп кетті ме? Кім біледі оны? Енді білетін ешкім жоқ.

Әкем Мырзалы аса сабырлы, ойшыл адам еді, әсіресе әдебиетке жаңы құмар, елдің жақсы сөзін жадында ұстаған, өзі де кейде жайдарыланып, шешіліп сойлеп кетсе, шешендік танытатын жайы бар еді. Оны мен емес, осы күні қатар құрбылары айтады.

Енді аға, сол мылтық ұңғысының кейінгі тағдырына келсем, осы әңгіменден соң, арада үш-төрт ай өткен соң, XXI партсъезд атындағы совхоз орталығында мұғалім болып істейтін бір туыс үйге келіп отырып, жардағы жарқырап түрған күміс мылтық ұңғысына көзі түсіп, «Осыны маған бер» – деп, жата жабыссын. «Мектебімізде музей ұйымдастырып жатырмыз, мынау таптырмайтын экспонат, – деп қоярда-қоймай алып кетіп еді. Енді ол кісіден, сол тұста Торғай облыстық партия комитетінің секретары Өзбекөлі Жәнібеков ел аралап жүріп музейге мүлік жиганда, сол ұңғыға көзі түсіп, күміс ұңғыны алып, Арқалық музейіне тапсырған. Өкініші сол – музей қызметкерлеріне барған сайын: «Мынаған берік болындар, Ахмет деген кісінің есімі тұр, бұл тарихи мүлік, бәлкім, Ахмет Байтұрсыновтың өз дүниесі болар», – деп, сан рет айтып сендіре алмадым. Топырағымыздың бізге берген сыйын, мен өзім тауып, күтіп ұстап, қолымнан беріп едім – дегенге сену қайда? Аттарын ала қашқан, күлкі еткен. Ол кезде оларға Ахаң тарихы, мүлкінің қажеті де болмаған шығар. Тек білетіндері – анау бір жылдарда Өзбекөлі Жәнібеков тапсырғаны рас, – дейді. Қазірде де түрған болар.

Қымбатты Ғафу аға! Қазір Ахаң Байтұрсынов даңқы халқымызға қайта тарап, оның мәдениет, әдебиет, ғылым саласында сандап жаққан жүлдыздары қайта жанғанда, сойтіп Ахметтану ғылымына есік ашылғанда, осынау «күміс мылтық» хикаясын өз аузыңыздан болсада баспасөзге шақырып, Ахаң жайлы деректерге қосымша мағлұмат кәдесіне жаратсаңыз екен.

Бәлкім, бұл мүлік туралы оның көзі тірі туыстары-

ның, не замандастарының білген, естіген сөздері болуы тажап емес қой.

Сәлеммен ініціз Талгатбек,
1989 жылғы желтоқсан

Менің бұл хатқа қосып айтарым – қазіргі күндерде халқымыз Ахан туралы қуанышқа қуаныш қосып, тағы да бір «бәрекелді» десіп қалды. Ол – жуырда Ахмет Байтұрсынов есімін есте қалдыру мақсатымен шыққан Қазақстан Республикасының қаулысы. Онда Фылым академияның Тіл институтынан бастап, Алматы облысы аудандарында мәдениет ошактарына Ахмет Байтұрсынов есімін беруді бекіткен. Осы тұста Торғай қаласында былтырдан бастап А.Байтұрсынов атындағы тарихи, әдеби, ғылыми үлкен музей құрылышы жүріп жатыр. Оның экспонаттары жатпай-тұрмай жиналуда. Сондықтан да, сөз болып отырған күміс мылтық үнғысын Ахандікі деп танып, сол өз музейіне откізу керек. Халық қаржысын да, музейге қажет мүлкін де аянып жатқан жоқ. Музей профилі, сан-сапасы үлкен. Бұл біздің халықтық тарихымыздың зор қазынасы болмақ. Осыған енді үздіксіз қамқорлық, үзіліссіз әрекет, бүкіл елдік ынтаzar, ықылас керек. Жұмыс жасап жатқан аудан, облыс еңбекшілеріне алғыс айту аз, нақтылы көмек жасайык.

ТОТ БАСҚАН КІЛТ

Әнгіме

Жаңа пәтерге көшіп қонған соң, ол жиналған акша-сына жаңа мүлік алып, үйден-үйге талай сүйрелеп, талай шаң мен тарақан мекендерген, алғашқы сырын адам танымастай болған ескі ағаш басты аксақ сандық, «әнші» стулы-дағы қияр-қимас күйде шығарып салып жатты. Бұрын сарғайған қолжазбалар тұратын бір кішкене жәшікті студент бала көтере берем дегенде, жоғарғы тартпасы еденге түсіп кетті де, одан темір даусы бар, бір шағын зат шың етіп, бөліне қашты. Алакөлеңке коридордан әзер дегенде тауып ап, студент алақанына салған күйі тор жакта күйбенде жатқан бұған:

– Аға, мына бір кілт керек емес пе? – деді.

Жақындаған келіп қараған ол: – Жоқ-ә, – деп, қалды да, сәл кідіріп: – әй, бері келші, бері! – деп, кілтке қайта үңілді.

— Ие, керек екен, — деді.

Манадан еңкейіп жүргендіктен бе әлде мына кілт әсер етті ме, кенет басы айналғандай боп, жүресінен отыра қалды. Студент басқа жұмыспен айналысып жүр. Сәлден соң үй ішіндегілердің бәрі көзден алышта, женіл мұнарға сұнгіп, қиялы оны әлде бір оқшау дүниеге, шалғай қалған құндерге жетелеп кетті...

Уақыт жаз еді, ол кезде бұл қаланың шет жағында, пәтер жалдап тұрушы еді. Институттан дипломмен бірге бір қызды жетектеп шыққан болатын. Үйде іңгәлаған дауыс та пайда болған. Оған да құлағы үйрени қойған жоқ. Сыртта әлі талай қызықтар шақырып, елегізіп, көбіне-көп еріп кетіп жүрген кезі еді. Жас келін алғашкы сәбимен әуре болып, өз қызығы өзімен, көлденен құбылысқа қоңыл аудармайтын кең пиғыл кезең ғой. Жастық пен шарап — қос мастық қосылып алған соң, дүние ұзак жол көрініп, жортып-жортып алу қызыққа көшкені бар.

... Иә, осындаі құндердің бірі еді ол. Жаздың жомарт күні ашыққа беттеп, жаңа ғана байыған. Әлі ымырт жоқ. Екі-үш жолдастын қонақ етіп, қаражатының сәл қыздыруға ғана шамасы жетіп, соларды трамвайға шығарып келе жатыр еді. Дәл қөшениң қызылысна жете берген кезде, серіктерінен аз ғана кейін келе жатқан бұның алдынан қолына бос бидон ұстаған уыздай бір жас келіншек өте берді. Бұрын да бір-екі рет коргенге үқсан кетті. Батыл кезі ғой, шап беріп білектен ұстап алды. Келіншек аз үріккендей болды да, кенет жүзінде ықылас нұры ойнап, тез-тез сөйлеп:

— Қазір, қазір... — деп, өте шықты.

Ұстаяны ұстаса да, өзі қызылып қалған бұл келіншектің әлгі қызығына аң-таң болды. Аздан соң есін жинап, жолдастарын трамвайға мінгізіп сап, жанағы «қазір» деген сөзді естіген жерге келіп, ерсілі-қарсылы жүрді. Қас қарада бастады. «Қазір» ұзап кетті. «Қой» танымайтын адам, әншайін айта салған ғой, — деп, енді үй қошесіне қарай бұрыла бергенде, арт жағынан женіл койлектің судыры естілгендей болды. Жалт қаралды. Сол!

— Сізбісіз? Мен Сізді білемін. Мен мына қақпада тұрамын. Үйде қонағымыз бар, — деп, тағы да шапшаң-шапшаң айтты. Тоңғаннан ба әлде өзгеден бе, женіл койлек астында ағарындаған балғын денесі қалтырағандай болады. Әлде бір үрей мен куаныш аралас

әсем көзі жұмбақ үшқын атады. Ол жөнеліп барады. Не деген асығыс? Денесін деру ыстық толқын билеп, дағдарыс күйде тұрған бұл, ұлгермеймін бе шынымен дегендей: — Кездесеміз бе? — деді. Келіншек үш-төрт қадамдай жерден: — Иә, иә, — деп, тағы да жылдам үн қатты. Алыстап бара жатқан көйлек судыры да, сол кез желп ете түскең ауаның лебі де, жәй сырғып келе жатқан іңір қараңғылығы да бұған: «Иә, иә» дегендей болды. Ол үмтыта түсіп: «Қашан?» — деді. Ол сөздің «шан» деген бөлігі ғана келіншекке жете түсіп, жете алмай, ол кірген қақпаның дәл алдындағы ұзын теректің басына ілініп қалды...

II

Содан күндер өте береді. Бір көшениң бас жағында, бірі аяқ жағында тұрады екен. Бәлкім, оның бірер көрген сияқты болуы содан шығар. Әйтпесе, мұлде бейтаныс жан. Атын да айтып ұлгіреді. Ал оның сырттай да болса, білетін болғаны. Сұрау арқылы жүзін де танып алғаны ғой. Бұл болса кездейсоқ көрді. Бірақ танитын адамның ісін істеді. Әлде ол мұны әлде біреумен шатастырды ма? Ол бір ғазиз ғашық жаны болды ма екен? Осы ойлар, осы сұраулар өткен күндердің бәрінде де мұның есінен шықпай, елегізіте береді. Келіншек әшейіндегі ойын-күлкінің олжасы емес секілді ме қалай? Қөнілінде белгісіз арман, өксігі басым жанға ұқсайды. Кейде бір аса қысқа уақыттың өзінде адамның ішкі сарайы көзге жарқ ете қалатыны болады. Оны көз де, сөз де емес, әлде бір өзінің танып білмейтін қасиетінмен сезесің.

«Мен мына қақпада тұрамын». Оның осы сөзі мұны сол қақпаға содан бері талай сүйретіп апарды. Ол көзге түспеді. Кіре алмайды.

...Бір күні әжептәуір қызынқырап алып, шам әлі жағыла қоймаған ала көленке шақта ол сол қақпаға кірді. Жеке меншік үй, барлықпен, баппен салдырған үй екен. Мұндаイラр ылғи қасқыр ит үстайтыны болатын еді ғой, — деп, іркіле кіріп еді, ондай дыбыс естілмеді. Ауызғы бөлмелерде адам жоқ, тек ортаңғы үйдің босаға жағындағы стол қасында қырынан тұрған әйелді көрді. Әлде киім үтіктеп, әлде астың нанын ысып тұрғандай. Бұл бөлмеде одан басқа ешкім жоқ. Ол дауысы шығар-шықпас мінгірлеп: — Е, сізсіз бе? —

деді. Келіншек жалт қарап, тани кетті де, «енди үндеменіз» дегендей, алақанына үн жабысқан сол қолын көтере қойды. Сол сол-ақ екен, төргі бөлмеден:

— О кім, әй, келген? — деген еркек даусы күж ете түсті. Мұнда да үн жоқ, онда да үн жоқ. Енді кешіксең, масқара боламыз, — дегендей, келіншек оқтауын столға жып еткізіп қойды да, тор жаққа дауыстап:

— Көрші үйдің баласы фой, — деді де, бұған сыртқа дегендей ымдады. Бұл жалма-жан кері шегініп, келген ізімен ең сыртқы есікке барып тоқтай қалды. Іле-шала іштен буы бетке соғып, келіншек таяп келді де, тым шапшаң қимылмен жалаң білегін мұның иығына асып жіберіп, алаулаған ыстық бетін бетіне басты да, дереу қайта серпіліп:

— Ертең екіде аялдамада тос! — деп, тағы да жан ұшырған күйі ішке кіріп кетті. Бұл сәтте есенгіреп қалған ол орнынан әлі қозгала қойған жоқ еді, іштен енді ортанғы бөлмеге келген еркек даусын тағы естіді.

— Көршінің баласы деймісің? Е, ол неғып жүр?

— Қасында біреуі бар, үй жалдамай ма екен деп жүрсе керек. Біздің үй үлкен болғанға, сондайлар да-мыл көрсетпейді осы, — деген жауап естілді. Еркек төменнен аяқ киім іздел, сыртқа шығайын деп жатқандай қалпын сезген бұл тайып тарта берді...

«Адаспаған екем. Енді дұрыстап кездесейін», — деді ол ішінен мастыры айығып, әлдеқашан жеңіс құшағына жолықкан күйімен.

III

— Ерте ме, кеш пе — бәрібір сенімен кездесуге тиісті едім. Сен көрші үйдің баласы едің, мен көрші үйдің қызы едім. Ия, мен сенен үлкенмін. Сол жазда біз бөлініп, қалаға қоштік. Сол күзде мен де бір институттың дайындық курсына түстім. Сонда жүріп сот мекемесінде істейтін бір кісімен таныстыым. Мен емес-ау, бір жеңем таныстырды. Он алтыдан он жетіге шыққан кезім еді. Майданнан, яғни әскерден жаңа оралған кісі екен. Дәм жазды, мен корсылдым. Жасы көп үлкен екен оның. Содан бері сан қызметте болды. Тұрмыс тәуір. Жоқшылық көргенім жоқ. Иә, сен бала едің ғой онда. Есінде қалсам да, шала қалған шығармын. Бір жерде көрген секілді болуым — сол шығар. Ал мен сенің хабарынды газеттен білдім. Аптырмай, сол

болғаны ма? – деп, ұзак сенбей, кейін көзім жетті. Сенің барған сайын абыройлы болуыңа бір түрлі тілекtes болған үстіне бола түстім. Менің оянбай қалған аяулы сезімім, бал дәурен, жастық шағым қайта есіме түсті. Шіркін қыздар, тұрмыс дегенге, әйтеуір, отетін откел деп, қарай салады екенбіз ғой. Өмір ұзай бастағанда, қолыңа түспей, ілікпей қалған бір асыл нәрсені жоғалтқандай, бір қызығынды іздегендей сапалақтайды екенсің. Сонда қарманып, таба алмасаң, енді қуанып, емірене бергенінде, сырттағы көздің табасына қалады екенсің, опасыздар қатарына оп-онай тіркеле салады екенсің. Не алдыңнан, не артыңнан таяныш жоқ, тұман ішінде қолыңды жайып тұрып қалғандай болады екенсің. Ие, өмір маған басынан-ақ салқын құшақ жайды, сол салқынның ішінде жан өртімді бір баса алмай, өз өкінішіме өзім күйіп кетуім мүмкін. Әлі жасым жас болғанымен, өмірде о бастан сұық жанға косақталып, шартпен тұрмыс құрғандай халім бар. Сен қызғаншак біреу екен деп, ойлап кеттің-ау, шамасы. Мен жастығымды іздел жүріп, сені таптым. Сен маған соның көзіндегі көріндің. Бергі өмірің жат, арғы өмірің сүйкімді бір жансың маған. Сырт көзге өзім де әсем, атым да Әсем. Күйеу соны қызғанады. Жоқ, оның қызғанышы – мұлік қызғанышы, ұзак иемденген мұлқін қызғану. Ол өзі өуелден сараң кісі. Сараптық адамның сарқылмас, арылмас дерті ғой. Сорлатқанда сезімге де сараң ғой ол. Жақсы көрдім дегені – біреуден үйреніп алған сөзге үқсайды. Е, мен тағдырым жайлы мұң шағып кеткен екем ғой. Мейлі, бар өмірде ұзак айтқан бір сөзім шығар. Тыңдайтын адам іздел тапқаным үшін айтамын...

...Бұл керемет бақтың іші еді. Бар бояуына малынған жапырақтар екіндінің күніне алақандарын тосып, жұмсақ жел ескенде бастарын қосып, өз тілдерінде сыйырласады. Әредікте өзге адамдардың да сөзі естіледі.

Бұлар отырган жер белуардан көк шалғын. Бастарын бір тегіс етіп қырыққан шоқ-шоқ ағаш иірім жасап, коршай егілген де, ортасын ойдым жер тастаған, бұлар соның ішінде отыр. Әсем атты келіншек еді ол, біздің жігіттің аты – Фазыл. Әсем көп әңгіме айтты бұл жолы. Фазыл анда-санда әлденеге ан-таң күйде үңсіз тыңдаумен болды. Оның ішінде не алуан сезім тоғысып, баяғы бала кезінде де есено қызығына ерте жетелеген қыздың әлі де жігіт басымен бұл жете алма-

ған тағы да бір тылсым, жұмбақ жайларға жетелейтінін аңғарғандай. Сондағыдай өмір мұхитының кемесінде тағы да бұл алда кетіп бара жатқандай өсер алды. Женіл құмарлықты асқақ сезім әлде бір өулие құбылыс, ынта-зарлық, іңкәрлік женіп, билеп-төстеп кетердей.

— Тым алыс қой, алысырақ болды ғой, — деді ол естілер-естілмес. Содан соң — сол балалық күнен соң өзінің ажырап қалған алыстығы ма, мына Әсем айтып отырған арманның будан былай да қол жетпес алыс-тығы ма? Ол арасы аян емес.

— Не дедің, Фазыл?

— Жәй, менің саған отырып, алыстап бара жатқа-нимды айтам, — деді ол ақыры бір ойға тоқырап.

— Жоқ, айтпа, керегі жоқ, алыстықты мен де сезем, аузызым айтуға қорқады. Біз, бір кезде қыздар, жүрек басқаны айтып, аузымыз өзгені айтып, сорлап қалатын-быз. Сөз кейде жаман ғой. Өз сөзіңе өзің сеніп қалатын кездер болатын. Керегі жоқ, айтпашы!

Бұл кезде олардың төбесінде тоқымдай ақша бұлт түрді. Жел ілесе жаздал, көне жаздал, қозғалақтап қояды. Бірақ әлі орнында, қашан, қай кезде, қай сезімге ілесері белгісіз қалыпта...

IV

Содан былай, сирек те болса, өзі білген бұл тірліктің қызығына мұлде ұқсамайтын мащақат кешіп жүрді ол. Рахат дегеннің өзі де кем сөз секілді. Адам мен адамның мұншама бір-біріне ес танғандай еріксіз іңкәрлігін көру түгіл, естімеген секілді. Естіп рахатқа жари ма кісі? Естісе естіген шығар, есінде жоқ. Ұзақ уақыт ояну білмей көретін ғажайып түс пе еді бұл? Иә, соған ұқсайды. Сол жаздағы, сол бакта балбыраған табиғатта ғашықтың мекені, әдейі бұлар салдырыған махабbat тәнірісінен сұрап алған жұмақтың бір бұрышы секілді еді.

Адам, білкім, дүниеге тек осы бір сәт үшін келетін шығар? «Не деген ыстық еді өзі! Әйел қанша ғұмырды жоғалтса да, ынтызарын таппай, ыстығын сақтап бағады еken-ay!»

Не бір үскірік бораннан, тұрмыс дауылынан, түрпайы күштен, яғни ездік, бейшаралықтан тазалықтың, нәзіктіктің бар дүшпанынан қалай қорғана біледі еken десейші солар! Ғажап! Ерсі мінезден, ерігу кәсібінен, ермек қызығынан бір күнде бездіріп шығар-

ды-ау ол! Енді не істеу керек? Тұрмыс өзінің занды да жөнді көрінетін құрсауларымен мені қоршап тастаған. Оның хәлі бұдан да қын. Ақыл өзінің обал, сарап, адамгершілік атты алуан құралдарын асау сезімнің алдына тосады. Жазығы жоқ жандар ара түседі. Екі жақтың да жасар құрбандығы аз емес. Соған бару керек пе? Әлде аптап ыстық шілденің өтуін күткен дұрыс па? Одан кейінгі бақыттың бола қоюына кім кепіл? Ә, есеп араласайын деді ме? Есеп болған соң, бақыт бар ма? Бақытта есеп жоқ қой...

Ол осы ойлардың әрқайсысына оңашада бір тіреліп жүргенде, бұл тұрған пәтер иесінің алыстағы үйленген баласы көшіп кеп, ол қаланың екінші бір шетіне қоныс аударды. Сонымен бір көшениң бойында табысқан жастық шақ баяғы бұлан беріп, алыстап кеткен балалықтай, жоқ ырымға бастағаны ма бұл? Барып, көріп жүрмесе де, қақпаның тұсынан өтудің өзі қандай еді бұған!

— Иә, тағдырдың өзі уақытша мұсіркеп жүр-ау осы бізді. Сонысына да шүкір. Өйтпейтуғын, біз не жазып-пыйз? — деді Әсем, бір сапар бұлар бақты ұзақ қызырып кеп, шалғынды жапыра шынтақтасып, екеуі де биікке бір сәт қара көк аспан тұңғығына қадала қарап жатқан тұста. Ол бұл сөзді айтқанда көзін көктен аударып алып, Фазылға, осынау ойы алай-түлей болып, айналасын сарықтан жігітке мұнды назарын қадай қойып еді.

— Ойланба да, қиналма! Сен маған өзір ғашық емессің. Сол күйінде қал. Ол тілегенге келмейтін дерпт. Шақырып шаршама! — деп, дөңгелек бота көзінен әлде бір жомарт тәуекел қайрат нышаны үшқын атып кетті. — Мезгілсіз өртке мен-ак күйем — дедім ғой. Әттеген-ай, сол күні кеште білегімнен бекер-ак ұстаған екенсің. Бақытын таппай дедектеген байғұста нең бар еді? Таңда ұстамаған білекті, кеште ұстап, әй, аңғалағым-ай, ә, — бұл сәтте бұған сүйсініп, өзгеге кіжінгендей кескінді тағы танытып кетті. — Жоқ, жәй айтам, әншайін, дұрыс, дұрыс болған. Сенің ұстап тоқтатқаның менің білегім емес, бұл оның сынар алтын білеziк салған қолына қарады, ол өзі де қарады. — Жоқ, ол емес, бізге бұйырып тұрған осы бір тәтті күндерді ұстап қалдың ғой сен. — Осы ойды тауып алғанына ол қуанып кеткендей жымия қалды. Ақ жүзіне жұқа қызыл рен білініп, жымиганда пайда болатын шұнқырына сол манда тұрған жалғыз сүйкімді мені енкейгендей екен.

— Не деген ақылды, не деген көркем! — деді ол ішінен, таңырқай қараған козін ала алмай.

Ол қызмет істейтін жер — республикаға қөп тарайтын бір журнал еді. Әжептәуір ысылып, бір сыйыра мақала, очерк жазып, аты да белгілі болған.

Жиырма бестегі жігітке ол аз олжа емес.

— Фазыл ағай сізбісіз? — деді бір күні түске жақын бір он бестер шамасындағы қызы бала — мен сізді іздел жүр едім. Әсемнің сіңілісі едім. Ол кісінің жағдайы қыын болып тұр. Кеше біздің үйдің іші бір оқығаға кездесті. Тәтем мұлде кеш келді. Жездей екеуміз және екі бала үйге кіре алмай, қөп түрдышқ. Ол кісі келген соң, үйді ашайық десек — кілт жоқ. Жоғалтып алыпты. Әрен дегенде, есікті бұзып аштық-ау. Қирғен соң жанжалдың көкесі басталды. Жездей бір қыын міnez, қызғаншақ адам. Бір күні тәтем мен екеуінізді сырттарындыдан көріп қалыпты. Сол күні-ақ «ол кім?» — деп әбігер салыпты. Тәтем «жәй, бір таныс адам» — деп, айтса, иланбай қойған. Өзінің әдеті ол — қонақта отырғанда да, текке шала бүлініп, қызғана беретін. Бейшара кісі. Өмір бойы тәтеме қыын болып келеді. Не керек, кеше жанжал үлкен басталып, бүгінгі қызырғаның — дәу де болса, сол жігіт атын айт! — деп, дігір салып қоймаған соң, тәтем, назадан болар, сіздің атынызды айтып қойды. Сосын ол: — Мен оны көрем, жерден де, көктен де іздел табам, қызметтен қуғызамын, қанғыртып жіберемін, — деп, тұні бойы теңселіп, үйықтамай қойды. Бүгін ерте тұрып кетті. Тәтем сізге сақ болын, бір кезде бірге оқығанымыз бар, ақсақал, басқа жағдайым жоқ! — десін деп, маған адресінізді айтЫП, жұмсал жіберді.

— Өзі қалай? Сен ешкімге айтпайсың ба? — деді бұл, не айтарын білмей сасқалақтап. — Жарайды, айналайын. Ренжімесін де...

— Жоқ, айтпаймын. Кілт сізде емес пе еді? — деді қызы қайырыла беріп.

— Ә, жоқ, жоқ, айнам! — деді ол сипалактап, қалтасында бар кілтті бере алмай, зәресі ұшып.

V

Неге екені белгісіз, әлде ізdemеді ме, қайтсе де кездеседі деп күткен күйеу келмедин. Сол кездерде бұл оны күнде тосты. Әрқылы жауап әзірледі. Ол мұның

коз алдына неше түрлі болып елестеді. Қызыл көз, қалың қабақ, еңгезердей қара кісі түсінен де шықты. Бірсек сырты момын, ақ сұр, бойшаң, ат жақты, боз костюмді, сүйік қоңыр шашты біреу кеңсе маңынан кездесе берді. Осы болар деп бір көргенде тайқып кетіп, келесі көргенде қарсы жүрді. Жоқ, ол болмай шықты. Жәй кіжінгенмен, намысы бар біреу шығар. Әйтпесе, «жоқ жерде мәнсап дәрежеме үй жанжалы кесел болар, баяғыдан дұрыс келіп, оп-онай құламайын» дейтін болар. Немесе қапы кезенді андып жүрген қара жұдырық біреу ме? Ештеме де белгісіз, жым-жырт хәл. Келіншектен де хабар жоқ. «Бәрі ұмыт болсын енді, тиым болған жері осы екен» – деді ме? Күндер жылжып өтіп жатты...

VI

...Үйлену тойы. Сол қаланың шет жағы. Үй толы адам. Фазыл да отыр. Қасында жұбайы бар. Әр түрлі жастан жиналған. Серікпен, серіксіз де келген үлкенди-кішілі ала-құла той. Әдетте тойға келу үшін біреуді біреу білу шарт емес. Той ағасы ұзақ сөйлеп, игі тілек айтып, бастау сезін бітіріп, алғашқы тост әр ауызға аттанып кетті. Жүремелетіп, арасына аз уақыт жалғап, шешендер сөзді кезек-кезек алып, алқалы той, бірсек тұрып, бірсек тұрмай, бірақ кідірусіз сіміріп жатқан кез.

Той бастығының әдісі осылай, сез алар кісіні оратыта сипаттап, қадірін жетектей жеткізіп майлау сөзді таңдайына қақшытып жіберіп, қайта өзіме айтып бер – дегендей қызмет істейді. Той бірсыныра қызып, «узіліс болса» деген қынқылдар шыға бастаудың аз-ақ алдында той жүргізуші кезекті Фазылға беріп қалды. Ұзақ сипаттап келіп:

– Келесі тілек қосу сезін жас та болса журналисти-камызға соңғы жылдары елеулі үлес қосып келе жатқан талантты қаламгеріміз, мына бақытты жас жұбайлардың сүйікті ағасы, – деп бір сырғанап тоқтап, жан-жағына масайрап көз тастап алып, – Фазыл Әбілахатов жолда-сқа береміз – деп, сез үшін құлшына бастап жіберді. Фазыл орнынан тұрғаны сол еді, қарсы бұрышта отырған кеспелтек қара көзі шатынап, шарасынан шыға:

– Алда әкенің аузын... Сен екенсің ғой! – деп, алдында басталмай тұрған шампанды қылқындыра үстап алып, құлаштай келіп, Фазылға жіберіп-ақ қалғаны!

Фазылдың төс түйегіне сарт ете түскен шампан, столға қайта құлағанда, ұсақ-түйек, ығы-жығы ыдыстар күл-талқаны шығып, әуелі маңайындағы жүрт, сосын бүкіл үй іші өре түрегеліп, азан-қазан болды да кетті. «Мынау не болды?» «О, несі, жынданған ба?» «Масқара болды ғой». «Сүйегіне зақым тиді» деген алуан дауыс, үймелеген жүрт, тұра жөнелген топ сапырылысты да кетті. Енді бір қарағанда, біраз жолдасы Фазылды сүйемелдеп, анадай жерде бір топ өзара балағаттасып, жүрт көшеге шығып барады екен. Той болып жатқан үй әпсөтте босап, он шақтығана адам үрпісіп орындарында қалды. Көпке дейін көше гүлдеп жатты. «О, кім өзі?» «Кісі өлтіре ме?» «Аппақ сақалымен», «Танитын ба едін?» — деген сұрақтарға Фазыл үн қатқан жоқ. Ішінен бұл да: «Е, сен екенсің ғой» деп келе жатыр еді...

Арада әлденеше жыл өтіп кетті...

Жастық шақтың талай қызық оқиғасының бірі есебінде есіне анда-санда бір түсіріп, жанының қыры түкпірінде әлденендей өкініш, аяныш сезімі сол сәтте бір шымыр етіп қалатыны болмаса, тұрмыстың бергі жылдардағы сан толқыны сапырылысып, ол құндерді де, сол бейнені де үмыттыра бастаған еді. Кейінгі оның тағдырынан бейхабар десе болғандай. Тек содан кейінгі бір жылда естігені — осы маңайдағы бір ауданға қызметі ауысып, үйлерін сатып, көшіп кетіпті дескен. Басқа білері жоқ. Кезінде арашаға, не өзге бір батыл кимылға әлі жетпеген соң, іздеуде не мағына бар, — деп қоя салған...

Иә, арада бірнеше жыл өтіп кеткен.

Қыстың күні болатын. Фазылдың бір аяулы жолдасы дүниеден өтіп, соны келмес сапарға шығарып, бейіт аралап, марқұм болған жекжаттардың басына соғып жүр еді. Бір жерде әлі топырағын қар басып үлгірмеген жас бейіт басында жыласып түрған үш-төрт адамға кезікті. Солардың арасынан мұның көзіне таныс бір бейне ұшырап кетті. Аппақ шашты көрі әйел. Қатты қасіреттен казір-қазір ұшып түскелі түрғандай шай-қалақтап, буынын зордың күшімен әрен жинайды. «Япыр-ау, қайда көрген кісім?» — деп, аң-тан күйі мүлде жақындалп келді. «Я, я, сол! Бірақ қалай мүншама қартайып кеткен? Әлде соған ұксас біреу ме?» — деп, әлі де жуықтай түскенде, әйел козі де ұшырасып кап, кескіні сәл жадырап, дереу қайта құнгірттенгендей болды. Бұл таяп келіп амандасқанда, әйелдің ерні үнсіз

күбірлеген тәрізденді. Аз тыныштықтан соң, әйел естілер-естілмес дыбыспен: «Фазылмысың?» – деді. Бұл сонда ғана барып, ия – дегендей болды да, толып жатқан сұрау мағынасы бар көзімен қарап қалды.

– Я, көп жыл өтіп кетті ғой, танымаған шығарсың, танитындей нем қалды? – деп, көмейінен мұң төгіліп кеткендей, сұрапыл бір көрісіп алды да, серіктеріне қарады, онысы бір сәт оңаша қалсам деген сынай танытты. Бір-бірінен әлденені ұрасқандай, сылтау іздегендей қалыппен әйелдер аз шегінісп тұрды.

– Иә, мен сол Әсеммін – деді ол, жап-жаңа алыс күнге барып оралып келгендей әңгімесін жалғап. – Мынау – менің балам. Әскерлік міндептін атқарып жүрген жерінде аурулы болып, босанып келісімен көп үзаган жоқ. Осы жақында қайтыс болды. Ал мынау жатқан қасындағы әкесі. Сол! Ол батыр өткен дүниеден. Оны қойши, балам жаныма жаман батты. Көріп тұрсың ғой, не күйге тұскенімді. Қалай танырсың, танымайсың, әрине. Бақытсыздық кісіні өзгертеді екен. Қиял осы, шырағым, – деді ол мұлде егде, енді мұлде жат назармен қарап, тағы да бір күрсініп. Бұл не айтарға білмей, оның жүзіне жаутандай берді. Тек көзі болмаса, бұл танитындей ештеме жоқ еді. Бетті қалың әжім мекендей, шаш тұтастай ағарған. Соны көр дегендей, қара тұбіт шәлісін қалтыраған әлсіз саусактарымен кері сырғытады. Кенет сәл жымиғандай болды. Жымию да жат. Баяғыға үқсастығы жоқ.

– Ол кілт ендігі жоқ шығар. Болса да тот басып, бір жерде қалған шығар. Тағдыр шебер ғой, – деді әлде бір оқыс ой пайда болғандай, сергек қалыппен.

– Мениң бақыттың кілті ме еді әлде? Бекер алдың-ау соны. Алған соң алғандай ғып... – деп, аржайын айтпай тағы тоқтады.

– Оқасы жоқ, қалды ғой ол күн. Қалса – қалсын! Бақытты бол, шырағым. Бақыттың қадірін бақытсыз адам көп білер болар! – деп, мәңгі қоштасқандай ыңғаймен теріс бұрылып, серіктеріне қарай жылжи берді. Бұл аз сәтке орнында қозғалар-қозғалмас күйде қалды. «Мен өз отыма өзім күйіп кететін адаммын!» – деп еді-ау баяғыда. Анау аппақ шаш енді сол өрттен қалған күлгे үқсан кетті. Тұла бойы осы ойдан қатты бір қалтырай қалып, оған ақырғы рет бір назар салды да, бері өз тобына қарай аяңдады...

– Фазыл, неғып үндемей қалдың? Болдың ба жи-

нап? Мен де жақындааттым. Қазір шәй қойып жіберейін, дем ал, шаршасан, — деген әйелдің даусынан ол үйқыдағы адамдай оянып кетіп еді. «Болдым, біттім...» — деді ол есендірекен, шынында шаршаған үнмен, әлі де колына ұстаған кілтінен көз алмай, саусағының басымен шаң жерін сұртіп...

1973 жыл

КӨК ТАЛҚАН ИЕСІ (Ой-толғау)

Жуырда Қостанай облыстық «Коммунизм таңы» газетінен журналист Жақсылық Жұнісовтың «Торғайда тары өспей ме?» деген мақаласын оқып, мениң есіме сонау алыстағы балалық, жастық жылдарым түсті.

Тары дақылы Торғай олкесі тұрмысының, оның егіншілігінің тарихи бір тарауы десе — артық емес. Ол тарау алғаш осыдан кем дегенде екі ғасыр бұрын қыпшақ Сейітқұлдың қолымен жазылған. Арғы жерде «Торғай егін екті» деген дерек жоқ. Ұбырай Алтынсариннің осы аттас өте шағын әңгімесі де қазақтағы егіншілік жайындағы тұнғыш шығарма болуы мүмкін. Онда үлкен мәселе болашақ үлкен халықтың бірыңғай малырқына бағынып кетпей, даланы кезе бермей, отырықшыланып, егінмен айналысуы керек екені қозғалады. Сейітіп, көп болмаса да, ұзына ғасыр бойына Торғай аракідік егін етіп келген. Сондағы егісінің ең негізгісі — осы тары дақылы болатын. Рас, даланың байтақ жазығы көбіне коп мал, өсіреле жылқы өрісі болғандықтан, тары тек Торғай өзенінің сағасында, оның сан саласында егілетін. Яғни суармалы егін еді.

Оны қалай суаратын еді, — дегенге келсек — алдымен еске шығыр түседі. «Шығыр» дегенде, оны көп қазақ біле бермейді. Оны Сыр өнірі ғана білсе керек. Торғайда содан ауысқан бұл ғажайып құрал — қазақтың ойлап тапқан алғашқы техника, механизмінің бірі болар. Шығырдың кілең ағаштан жасалған тетіктерінің өзінің сандаған атауы бар. Олар тіліміздің де көнелігін дәлелдеп, байлығын асырады «Кегей», «Әуіт», «Доғалақ», «Астаяу», «Үргай», «Көзқап» деген сөз секілді, енді түгел есімде жоқ, толып жатқан сүйек мүшелері болатын. Шаңырақ құсатып жасаған алып шенберді «Кенейді» жағалатып «қырық шелек» байланатын. Ол

шенбек емен күпшек арқылы ағаш тегершіктерге орнатастырып, тегершіктен шыққан жетек ағаштар арқылы ат немесе өгіз көзіне кигіз қап кигізіп, күпшек, дінгекті айналдыраар еді.

Козге қап кигізу – бас айналдырмаудың әдісі ғой. Сыртынан қамыс қора, үйшік жасалынып, ішіне көлеңке түскенде айналма тұғырды әр тұсында отырып алдып, екі-үш бала әлгі ат немесе өгізді ұзын бишікпен ысқыртып айдал қоятынбыз. Шілденің күнінде бір ыңғай ырғақпен әлгі шығырыңыз әндептіп қоятуғын. Алуан тетік ағаштардың бір-біріне егеліп, қажалып жатуынан шығатын бұл дыбыс – кәдімгі шешелердің баласын әлдилеп, үйықтататын әуеніне ұқсайтын. Сонда әсершіл маган ол шығыр бүкіл өзен бойын әнге бөлеп, әлдилеп жатқандай корінетін. Сонау 34–35 жылдардың жазында менің әкем шығырши, мұраб еді. Торғайдың «Батпақ суат» деген мүйісінде, осы күнгі «Дала қоңырауы» лагерінің орнында сол «Қайырбек шығыры» болған, жұрты, әулеті әлі жатыр. Сол жерден арғы «Ставка» дейтін жерде жаздың күні көкпенбек жайқалған тары осер еді. Бұл сұлу дақыл нағыз бойлап өскен кезде, құрақтай желбіреп, даланы керемет әсем көрікке болер еді. Ол сонысымен-ақ қымбат еді. Жұрт кейір шығыршины мақтағанда: «Пәленшенің тарысының бойынан, биыл, япырм-ау адам корінбейді», – ғой дер еді.

Ал тарының сарғайып піскен кезін көрсөн, дәндерін көтере алмай салбырап иілген сабақтар басына алтын моншақ тағып қойған әлде бір сұлу мүсіндерге ұқсашы еді. Тарының екі түрі бар. Бірі – ақ, бірі – қызыл. Біздің тары кобіне қызыл болатын. Тары пісіп, кол орақпен орып, дестеленіп, сосын қырманға тасылып, содан адам, көлік аяғымен басылып, қалың сабаннан алғашқы дәндер аршылып, ашылып қалғанда, содан егінші ауыл бір-бір шелек тары үлесіп, үйлеріне апарып, қуырып, түйіп, диірменге тартып, дәм жасар еді. Жағалай ауыл «Көк талқан» тойын жасар еді. Онда көп жас қызы-бозбала жабылып, дұрс-дұрс келі түйер еді. Онда аса дәмді ас жасалады. Тары үстіне келі түбіне қаймақ, май құйылып, сөк актаған тары түйілді. Жаншылып, мыжылынады. Мұны «келсоқ» дейді. Қызын жігіт кезектесіп, келі соғады. Осыда бір жастық жарасым, романтика болушы еді. Содан туатын өн де, олең де бар еді. Бұл мейрамның көркі, өте балаң кезде көрген әсерім әлі көз алдымда тұр. Әлгі сөз басында

тарының Торғай елі тарихында алатын орны бар – деген ой осы жерден басталады.

Тарихи хикаясы халықтың рухани азығына, өлеңжырына, мінез-құлқына сіңіп кеткен.

Тары мен білетін Торғай салалары, мекендері: – «Албарбөгет», «Сарысу», «Қарасу», «Алқау», «Тоқанай» су алқабында көп егіледі.

Кеше соғыс жылдарында Торғай жұртының негізгі қорегі – осы тары болатын. Шағын-шағын колхоздар дәрменсіз, көлік-құралсыз, әсіресе азаматсыз құндердің өзінде азын-аулақ тапқан тарысын бір ортаға тапсырып, бір уыстан бөліп, грамдап жеген, талғажау қылған. Оған мен өзім күәмін. Райсоюзда талонмен сол тарыны қолмен үlestіріп берген мен болатынын. Тары сейтіп, Торғайдың аш-жалаңаш, қасіретті құндерінде де серік болды, қорек болды. Онда бидай, ұн дегендер көзден бір-бір ұшатын. Өйткені Қостанай алыс, көлік, транспорт жоқ. Ұн әкелуге кеткен қалашылар қыстың басынан аяғында бір-ақ келетін.

Тарыдан елдің жасамайтын тамағы жоқ еді. Қайнатып, қуырып, түйіп сөк жасап, ал қара тарыны дірменге тартып, ұн жасап, аштыып, таба наң пісірер еді. Оның ыстық қүйінде майға (болса, әрине) турал жесең қандай! Тары жармасынан жент жасайды ғой. Бидай қарасын аңсаған сол құндерде ел етінің наны, қамыры есебінде сөкті ақ дорбаға тігіп, етпен бірге пісіріп, қонағына беретін. Әрі-беріден соң, қара тарыны қүйдіріп, әбден қүйелеп, біз сия жасайтынбыз. Ол кәдімгі лак сырьы секілді жалтырап, енді қайтып өшіруге келмейтін. Осының бәрі – тары тарихы, яғни ел тарихы емес пе?

Мынау Ақтөбе аймағында тарыны, әсіресе ақ тарыны қатты қадірлейтіні көбімізге мәлім. Олар әлі құнге алыс астанадағы ағайындарға дорба-дорба сөк жіберіп жатады. Бейне бір туыс пен туысты жалғаған сағыныш осы, сыйбағалық астай көрді.

Иә, ол атакты шығанақ Берсиеvtің елі ғой, ақ тарының дүние жүзіне даңқын таратқан сол ел еді ғой. Одан кейін қазір ақ тарының халі не болғаны беймәлім.

Менің осыншама тарихты айтып жатқаным – тары дақылы қазақтың тікелей өз меншігіндегі егіні екенін айту. Орыста «пшено» деген бар, бірақ оның ел тарихына қатысы, беделі қандай екенін білмеймін.